Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру) Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру) Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету) Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу) Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту) Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу)	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
Білімберуұйымыны ңкестесі бойыншаұйымдасты рылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Аяқ пен қолдың қозғалысын келістіріп,тізені биікке көтеріп жүруді үйрету. Допты қақпаға домалату. Денені түзу ұстап ,тепе –теңдік сақтау қабілеттерін	**Музыка** **Міндеті:**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану **«Жел әуені»** Балалар бір қатар бойымен жиналып тұрып, оңға және	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. Мойын,иық және қолдың бұлшық еттерін дамыту	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,	**Дене шынықтыру** **Міндеті:**Допты тәрбиешіге домалатуды бекіту.Кегльдердің арасымен жүруді үйрету **Жалпы даму жаттығулары:**

	жетілдіру. **Жалпы даму жаттығулары:** 1. Басқа арналған жаттығулар 1. Алға 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Артқа ию 4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет) 2. Иыққа арналған жаттығулар 1. иықты көтеру,түсіру. (2 рет) 3. Қолға арналған жаттығулар 1. Қолды алға созу 2. Жоғары созу 3 Жанға созу 4 Бастапқы қалыпқа келу (2 рет) **Физикалық дағдыны қалыптастыру** **Музыка** **Міндеті:**Мақсаты:марш сипатын ырғақты жүріспен беру **Д/О «Би әлемі»**	солға қарай би қозғалыстарымен әуен айтады.	**Жалпы даму жаттығулары:**1. Басқа арналған жаттығулар 1. Алға 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Артқа ию 4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет) 2. Иыққа арналған жаттығулар 1. иықты көтеру,түсіру. (2 рет) 3. Қолға арналған жаттығулар 1. Қолды алға созу 2. Жоғары созу 3 Жанға созу **Қимылды ойын:** «Мені қуып жетіңдер» Дене сымбатын түзеу қозғалыстары	музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру **Д/О «Ормандағы той-думан»** Балалар Жануаруарлар белдемшесін тағып,киып ,бірлесіп ән шырқайды.	Б.қ.: «Тик-так» 1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Б. Қ.: «Иықтың жүруі» 2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/ **Қимылды ойын:**«Марғаулар мен күшіктер» Ойын мақсаты :балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету. Шеңбер бойына тұру Физикалық дағдыны дамыту

	(**музыка**)				
2-ші таңғы ас	Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Қасықты дұрыс ұстау және төгіп алмай жеу дағдыларын қалыптастыру. "Кім бірінші жейді емес, кім ұқыпты жейді?" ойынын ойнау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Ботқаның пайдасы туралы қысқа әңгіме айту. Балаларға ботқаның қандай дәмде (тәтті, тұзды) болатынын сұрау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенгедайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. **(Сөйлемді дамыту)**	Серуенге ойын құралдарын дайындау. (Еңбекке баулу)	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. (Көркем мінез құлық қалыптастыру)	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қоршаған орта
Серуен	**СЕРУЕН № 11 Қыркүйек айындағы табиғат өзгерістерін тамашалау** Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін дамыту; балалардың әр мезгілдің	**Серуен картотекасы №12 Күзгі аспанды тамашалау** Мақсаты: Оқушылардың аспан және астрономиялық объектілер туралы білімдерін бекіту.	**Серуен картотекасы №13. Жусанды тамашалау** Мақсаты: жусанмен таныстыру, құрылысын түсіну, пайдасы туралы айту. **Қоршаған орта өсімдіктер жайлы түсінік**	**Серуен картотекасы №1 4. Өрмекшіні қарау** Мақсаты: өрмекшілердің сыртқы түрі мен олардың тіршілігі туралы түсініктерімізді кеңейтуді жалғастыру; қоршаған	**Серкен картотекасы №15. Күзгі жапырақтардың түсуін көру Мақсаты: Оқушылардың келе жатқан күздің белгілері туралы білімдерін бекіту, осы**

A

	өзіндік ерекшеліктері туралы білімдерін анықтау. **Экологиялық мәдениет дағдысы**	 **Экологиялық мәдениет, қоршаған орта**	**беру**	әлемге деген қызығушылықты дамыту. **Қоршаған орта жануарлар жайды түсінік беру**	**мезгілді «** Жапырақ түсу **»** деп атаудың себептерін түсіндіру . **Экологиялық мәдениет дағдысы, еңбекке баулу**
Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскіас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	**«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	**«Ас адамның арқауы»**Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** **Қоршаған орта**
Күндізгіұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **(Көркем әдебиет)**

	музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	кітап оқу **(Көркем әдебиет)**		Бесік жырын айту **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу Музыка	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесінас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** **Қоршаған орта**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы	**Міндеті:** Жабайы аңдарды мен үй жануарларды ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. **Луллий шеңбері дидактикалық ойынның**	**Міндеттері:** 1-5-ке дейінгі сандарды атауға, санауға жаттықтыру. Ойын арқылы заттар туралы білімдерін бекіту. **Луллий шеңбері дидактикалық ойынның атауы:** «1-5-ке дейін	**Міндеттері:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. **Луллий шеңбері дидактикалық ойынның атауы:** «Бақшада, бау-бақшада» Барысы: стелдің үстінде әр	**Міндеттері:** Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, мақал – мәтел айтып, жұмбақ шешу арқылы толық сөйлеуге баулып, сөздік қорларын дамыту **Луллий шеңбері**	**Міндеттері:** Ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық шеберліктерін арттыру. **Луллий шеңбері дидактикалық ойынның атауы:** «Ертегілер

A

басқаәрекеттер)	**атауы:** «Орманда, ауылда» Барысы: Үстелдің үстінде әр түрлі суреттер немесе муляждар (аңдар, үй жануарлар) тұрады, олардың қайда өмір сүретіні сұралады, луллий шеңбері ортасынан сызықпен бөлініп тұрады, сызықтын он жағына (кішкентай шеңберде үйдің бейнесі тұрады) үй жануарларың орналастырамыз, ал сол жағына (кішкентай шеңберде орманның бейнесі тұрады)жабайы аңдарды орналастырамыз. Олардың немен қоректенетінін айтқызады Әлеуметтік қоршаған ортаны дамыту дағдыларын қалыптастыру	санау» Барысы: Үстелдің ортасында луллий шеңбері тұрады, бес бөлікке бөлінген, кішкентай үстінгі шеңберде 1-5-ке дейін сандар орналасқан. Үстелдің үстінде әр түрлі үлкен және кішкентай заттар жатыр. Мысалы: Кішкентай шеңберде 1 саны тұр, орташа шеңберге бір кішкентай шырша қояды, үлкен шеңберге бір үлкен шырша қояды. **Танымдық дағды математика негізі**	түрлі суреттер немесе муляждар (көкөністердің, жемістердің) тұрады, олар қайда өсетінін сұралады, луллий шеңбері ортасынан сызықпен бөлініп тұрады, сызықтын он жағына (кішкентай шеңберде бақшаның суреті тұрады) жемістерді орналастырамыз, ал сол жағына (кішкентай шеңберде бау – бақшаның суреті тұрады)көкөністерді орналастырамыз. **Сөйлеуді дамыту, Қоршаған орта**	**дидактикалық ойынның атауы:** «Мамандықтың бәрі жақсы» Барысы: Үстелдің үстінде әр түрлі суреттер, ойыншықтар жатады, үстелдің ортасында луллий шеңбері тұрады, бес бөлікке бөлінген, кішкентай үстінгі шеңберге әр бір бөлікке, балалар мамандықтардың суреттерін орналастырады. Сурет салу, сөйлемді дамыту	әлемінде» Барысы: Үстелдің ортасында луллий шеңбері тұрады, бес бөлікке бөлінген, үлкен шеңберге балалар ертегінің кейіпкерін қояды. Мысалы: Алдар Көсе, орташа шеңберге тақияны немесе домбраны қояды. Сөйлемді дамыту және көркем әдебиет
Баламен жеке жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** тіл және әлеуметтік дағдыны бекіту.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Тіл байлығын арттыру. Ертегі: «Бауырсақ». Сюжетті ойын:	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Байқағыштық пен есте сақтауды дамыту. Ойын: «Не өзгерді?»	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Сөйлеу белсенділігін дамыту.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Қимылды ойын: «Көңілді

	Әңгіме: «Мен не үйрендім?» Рөлдік ойын: «Қонаққа бару». Ұжымдық сурет: «Біздің бақша»	«Ормандағы аңдар». Дидактикалық ойын: «Кім сөйлеп тұр?» (дауыстан тану).	(үстелдегі заттарды есте сақтау). Сурет салу: «Менің сүйікті ойыншығым». Қимылды ойын: «Кім тез табады?»	Әңгіме: «Менің отбасым». Рөлдік ойын: «Қонақ күту». Дидактикалық ойын: «Жақсы сөз – жан азығы».	қояндар». Саусақ жаттығулары. Сюжетті ойын: «Жануарлар бағы».
Серуенгедайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Қыркүйек.** **Карточка №7.** **Өгейшөпті бақылау.** **Ұлттық қимылды ойын:** «Әуе таяқ»	**Қыркүйек.** **Карточка№8.** **«Ашық болса, күз де керемет» бақылау.** **Мақсаты:** - балаларға жыл мезгілдерінің ауысуын; күз мезгілінің ерекшелігі туралы түсініктерін қалыптастыру;	**Қыркүйек.** **Карточка№9.** **Жәндіктерді бақылау.**	**Қыркүйек.** **Карточка№10.** **Желді бақылау.** **Ұлттық қимылды ойын:** «Бөрік жасырмақ»	**Қыркүйек.** **Карточка №5.** **Бақ-бақ гүлін бақылау.** **Мақсаты:** - «бақ-бақ» емдік өсімдігімен таныстыру; -табиғатты қорғауға, аялау сезімдерін қалыптастыру; -емдік шөпті жинау;
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру ,	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік

	шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**
Кешкі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырып: «Менің қалам»** **Мақсаты:** Қала құрылыстарын атау, салыстыру. **Тәрбиеші әрекеті:** Үй, балабақша, дүкен суреттерін көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Атын атап, қызметін түсіндіреді. **Инновациялық әдіс:** LEGO city	**Тақырып: «Сандар қатары»** **Мақсаты:** 1–5 сандарын ретімен орналастыруға үйрету. **Тәрбиеші әрекеті:** Сан карточкаларын араластырып береді. **Баланың әрекеті:** Ретімен орналастырады. **Инновациялық әдіс:** Сандық пазл ойыны. **Құрастыру:** «Сандық	**Тақырып: «Ұзын–қысқа»** **Мақсаты:** Ұзындығына қарай салыстыру. **Тәрбиеші әрекеті:** Әртүрлі ұзын таяқшаларды көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Ұзын-қысқа деп салыстырады. **Инновациялық әдіс:** Виртуалды таяқшалар (Smart pen). **Құрастыру:** Қағаздан ұзын-қысқа жолақтар қию.	**Тақырып: «Төрт түсті үй»** **Мақсаты:** Түстерді ажыратып, атау. **Тәрбиеші әрекеті:** Қызыл, көк, жасыл, сары кубиктерді көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Түстерді атап, топтайды. **Инновациялық әдіс:** «Color Match» интерактивті ойыны. **Құрастыру:** Кубиктерден	**Тақырып: «Алдымда–артымда»** **Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлауды бекіту. **Тәрбиеші әрекеті:** «Алдыңа қой», «Артқа қой» деп тапсырма береді. **Баланың әрекеті:** Тапсырманы орындайды. **Инновациялық әдіс:** «Bee-bot» роботымен бағыт беру. **Құрастыру:** Легодан жол

	бағдарламасында қала құрастыру. **Құрастыру:** Кубиктен қала макеті. **Ойын:** «Қаламызды салайық». **Математика негіздері,Құрастыру**	көпір» – кубиктерді 1–5 ретімен қою. **Ойын:** «Қай сан жоғалды?». **Математика негіздері,Құрастыру**	**Ойын:** «Қайсысы ұзын?». **Математика негіздері,Құрастыру**	түрлі түсті үй құрастыру. **Ойын:** «Қай түс жетіспейді?». **Математика негіздері,Құрастыру**	салып, ойыншықты жүргізеді. **Ойын:** «Мен қайда тұрмын?». **Математика негіздері,Құрастыру**
Балалардыңүйгекайту ы	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.

Тексерген Әдіскер; **М.К.Кальжанова**

Тәрбиешілер: Мұсабек.А Оразбаева.Ә

A

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Ересек топ
Қыркүйек 4-апта

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **23.09.2024**	**Сейсенбі** **24.09.2024**	**Сәрсенбі** **25.09.2024**	**Бейсенбі** **26.09.2024**	**Жұма** **27.09.2024**
Балаларды **қабылдау**	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі**	Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**
Ата-аналарменәңгімелесу, **кеңесберу**	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы	**Міндеттері:** Балаларды ң өз бетінше ойлау және белсенділіктерін, сөздік қорларын, тілдерін дамыту **Сіріңке қораптарынан ойынның атауы:** «Төлдерін тап»	**Міндеті:** Баланың зейінін арттырып, логикалық дамуына әсер етеді. **Сіріңке қораптарынан ойынның атауы** «Не не жейді?» **Барысы:** сіріңке қорабының сыртында	**Міндеттері:** Балаларды зейінді болуға үйрету, жылдамдыққа, тпапқырлыққа баулу, достыққа, қарым – қатынасқа тәрбиелеу. **Қыстырғышпен ойынның атауы:** «Р»	**Міндеттері:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. **Қыстырғышпен ойынның атауы:** «Бақшада, баубақшада»	**Міндеті:** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту **Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр».** **Ойын барысы:** тағамдар арқылы қуыршақты

A

басқаәрекеттер)	**Барысы:** сіріңке қорабының сыртында үй жануарларының суреті берілген, ішінде төлдерінің суреті жапсырылған.Қораптағы суретке қарап, төлдерін табуды ұсынады. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. **Қоршаған орта**	аңдар немесе үй жануарлары бейнеленген ішінде жейтін тамағы көрсетілген. Сол аңдар немесе үй жануарларын атап, сипаттап, не жейтінін айтуды ұсынылады. Танымдық дағдыны қалыптастыру, қоршаған орта, математика негізі Эмоционалды мінез құлықты қалыптастыру	дыбысы бар суретті тап» **Барысы:** балалардың алдында әртүрлі карточкалар жатады, тәрелкеде қыстырғыштар жатады, әр бір карточкада төрт зат бейнеленген, балалар суреттерге мұқият қарап, қай затта «Р» дыбысы бар соған қыстырғышты қыстырады. **Сөйлемді дамыту, сөздік қорды молайту**	**Барысы:** Үстелдің үстінде тәрелкелерде көкөністермен жемістердің суреттері жатады, балалар суреттерді алып, жемістерді бақшаға қыстырады, ал көкөністерді баубақшаға қыстырады. Қоршаған орта, құрастыру	тамақтандырып, тағам түрлерін ермексаздан жасайды **Мүсіндеу**
Таңертенгіжаттығу	**Таңғы жаттығу кешені№16** Таза ауада далада жаттығу кешені	**Таңғы жаттығу кешені№17** Дене шынықтыру залында жаттығу кешені	**Таңғы жаттығу кешені№18** Таза ауада жаттығу кешені	**Таңғы жаттығу кешені№19** Дене шынықтыру залында жаттығу кешені	**Таңғы жаттығу кешені№20** Дене шынықтыру залында жаттығу кешені
Таңғыас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту, көркем әдебиет)**

Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
Білімберуұйымыны ңкестесі бойыншаұйымдасты рылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. Төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап,	**Қазақ тілі** **Міндеті:**Дөңгелекшелерді фланелографта орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; кеңістікті бағдарлауға бейімдеу; берілген тапсырмалар бойынша қимыл-қозғалысын жетілдіру. **Мысықтың баласы доппен ойнайды** **Барысы:** Тәрбиеші балаларды көркемөнер бұрышына шақырып, балалардың назарын фланелографтағы	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Түрлі бағытта жүру «Орманда қыдырамыз». Алға жылжи отырып секіру «Қоян секіреді». Допты оң және сол қолымен алысқа лақтыру **«Пойыз» ойыны.** Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсету. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. **2.Жалпы даму**	**Музыка** **Міндеті:** Қазақ халық биінің элементтерін орындау дағдыларын дамыту, қол-көз координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту **«Балаларға арналған** **Canon» ойыны** Балалар шеңберге тұрады, ырғақты музыка естіледі, педагог балаларды кезекпен келесі қимылдарды орындауға шақырады:	**Дене шынықтыру** **Міндеті:** Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге - аяқ алшақ) үйрету. **«Пойыз» ойыны.** Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсету. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. **2.Жалпы даму жаттығулары:** 1. **Басқа арналған**

	(қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. **3.Жалпы даму жаттығулары:** Б.қ.: «Тик-так» 1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) **Музыка** **Міндеті:**метр мен ырғақ сезімін дамыту, кеңістікте шарлауды және тез бейімделуді үйрету	мысықтың баласына аударады. Мысықтың баласының түр-түсін, дене мүшелерін атап беруді сұрайды. **Сөйлемді дамыту, физикалық дағдыны дамыту**	**жаттығулары:** 1. **Басқа арналған жаттығулар** 1. Алға 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Артқа ию 4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет) **2. Иыққа арналған жаттығулар** 1. Оң иықты көтеру. 2. Бастапқы қалып 3. Сол иықты көтеру	бірінші қолын соғады, екіншісі орнында жүреді, үшінші қол соғады, т.б.. Содан кейін мұғалім балалардың қазір канонды орындады, бұл сөздің мағынасын қалай түсінгендерін сұрайды. Балалар канон қозғалыстардың кезекпен қайталануы деп жауап береді. Сонда тапсырма қиындай түседі. Педагог балалардан: «Музыка мен би елінде қандай сиқырлы сан тұрады?» деп сұрайды. Балалар жауап береді: «Сегіз» саны. Мұғалім сұрайды: неге? Балалар жауап береді: өйткені музыка біркелкі естіледі және сегізге дейін санауға өте ыңғайлы. Педагог балалардың сегіз санау бойынша келесі тапсырманы орындайтынын түсіндіреді: 1-сегіз санап қол соғу, 2-жүру, 3-шоқтау, 4-секіру.	**жаттығулар** 1. Алға 2. Бастапқы қалыпқа келу 3. Артқа ию 4. бастапқы қалыпқа келу (2 - рет) **2. Иыққа арналған жаттығулар** 1. Оң иықты көтеру. 2. Бастапқы қалып 3. Сол иықты көтеру 4. бастапқы қалыпқа келу (2 рет)

A

	«Ритмикалық оркестр» ойыны балалар төрт командаға бөлінеді және әр командамен бірге олар алдымен белгілі бір ырғақты үлгімен қол соғуды үйренеді (нұсқа: әр командамен кез келген нақты қимылдарды үйренуге болады). Ортада қолында таяқшасы бар дирижер бала тұрады, дирижер кез келген командаға бұрылады. Кіріспе дыбыстар (сегіз рет) және музыкалық фразаның басталуымен командалар дирижердың белгісі бойынша өздерінің ырғақты үлгісін немесе белгілі бір қимылдарды қол соғу арқылы орындайды Физикалық, танымдық дағдыларды дамыту			Физикалық дағдыларды дамыту, Математика негізі,танымдық іс әрекеттер	
2-ші таңғы ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын,	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз

A

	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенгедайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Серуен картотекасы №16.** **Көші-қондағы құстарды бақылау** 	**Серуен картотекасы №17.** **Торғайға қарау** Мақсаты: балалардың жылы климатқа ұшпайтын құс – торғай туралы білімдерін бекіту. **«Қарсы сызықтар» ашық ойыны**	**Серуен картотекасы №18.** **Күзгі күнді бақылау** Мақсаты: балаларға Күннің Жерде болуы үшін қажеттілік туралы түсінік беру; жазғы және күзгі күндізгі жарықтың ұзақтығы арасындағы байланысты орнату; күннің өсімдіктердің тіршілігі мен дамуы үшін маңызын	**№ 1 СЕРУЕН. ЖАҢБЫР МЕН ЖЕЛДІ БАҚЫЛАУ** **Мақсаты**: тәрбиеленушілерге күзгі жаңбырдың жан-жақтылығын көрсету; балаларды табиғат пен адам әрекетінің өзара байланысын орнатуға үйрету. **«Тоқта» қимылды ойыны** **(Ұсыныс ойын**	**№ 2 СЕРУЕН. КҮЗГІ АСПАНДЫ БАҚЫЛАУ** **Мақсаты:** балаларды күзгі аспанның ерекшеліктерімен таныстыру; күз мезгіліндегі табиғаттағы климаттық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. **Бақылау барысы**

A

	«Қаздар-аққулар» **ашық ойыны** **Зерттеу іс –әрекетін** **дамыту, құстар** **туралы түсінікті** **дамыту**		анықтау **«Шуандағы қасқыр»** **ашық ойыны.**	**,Экологиялық мәдениет дағдысы)**	 әңгіме жүргізеді **(Экологиялық мәдениет дағдысы)**
Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскіас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиienасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** **Қоршаған орта**

Күндізгіүйқы	**Бір жарым дос** Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	**Түлкі мен қасқыр** ертегісін оқып беру.	**Түлкі мен қасқыр** ертегісін оқып беру.	**Үш жалқау** ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	**Сауысқан мен көкек** ертегісін оқып беру.
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру **Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	**Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут)** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару,	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **физикалық дағдыларды қалыптастыру**	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесінас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу**Коммуникативті дағдыны қалыптастыру** **(Сөйлемді дамыту)**	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету** **Қоршаған орта**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлемді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,	**Міндеті:**белсенді көру және есту зейінін дамыту, қозғалыстарды үйлестіру **«Көңілді бағдаршам» ойыны**	**Міндеті:**балалардың белсенділігін ынталандыратын, оларды бір-бірімен, айналасындағы ересектермен жақындасуға ынталандыратын ойын	**Міндеті:**: Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру **Ою құрастыру**	**Міндеті:**балаларды жолдастарынан жағымды қасиеттерді көруге, бір-бірінің жақсы қасиеттерін байқауға үйрету; жолдастарының жеке қасиеттеріне деген	**Міндеті:**Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту **Қай аспап жоқ?** **Ойынның барысы:**

кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Барысы:**балалар шеңберге қарама-қарсы тұрады, жүргізуші ортада. Педагог балалардан бағдаршам ережесін білетін-білмегенін сұрайды. Балалар жауап береді. Мұғалім «Көңілді бағдаршам» ойынын ұсынады, бұл ойында мынадай ережелер болады: жүргізуші сары жалаушаны көрсеткенде, бір орында тұрып, ырғақты қол соғу керек, жасыл жалау – музыка әуенімен ырғақты жүру, қызыл жалау. - орнында тұрып: «Ура! Ура! Ура!" +	жағдайын құру **«Мақтаншақтар сайысы»** **Барысы:**балалар шеңберге отырады, ал тәрбиеші хабарлайды: "Бүгін біз сіздермен мақтанушылар сайысын өткіземіз. Кім жақсы мақтанса, сол жеңеді, бірақ біз өзімізбен емес, көршімізбен мақтанатын боламыз. Оның қандай екенін, ненің жақсы екенін ойлаңыз. Кім мақтаса, көршісінен артық қасиет тапса, сол жеңеді". Сөйлемді дамыту, эмоциялық дағдыларды дамыту	**Ойынның барысы**: Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады Құрастыру, жапсыру	көзқарасын білдіруге үйрету. **«Достықтың ғажайып мұрасы»** **Барысы:** тәрбиеші балалардың назарын үйге аударады. Бұл үй өте талғампаз, шуақты. Оның терезелері топтағы балалар сияқты көп. Тәрбиеші: "Бұл кішкентай үй қарапайым емес, онда көптеген жұмбақтар өмір сүреді. Егер сіз бен біз барлық жұмбақтарды шеше алсақ, онда үй керемет достық мұнарасына айналады. Байқап көргіңіз келе ме? » Содан кейін тәрбиеші белгілі бір балаға тән жеке жарқын, жағымды мінез-құлық қасиеттерін, жеке қасиеттерін атайды. Балалар бұл қасиетті жолдастарынан байқаса, кім туралы айтып жатқанын болжайды. Болжамнан кейін үйдің терезесінде жұмбақ шешілген	Педагог тақтаға музыкалық аспаптардың суреттерін іледі, балалар суреттерді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қай суреттің жоқ екенін табу керек Музыка, Танымдық дағдыларды дамыту

	үзіліс (музыкаға). Көңілді, марш музыкасы естіледі, балалар тапсырмаларды орындайды. Содан кейін жүргізуші балаларды шатастырып, жалаушаларды көрсету ретін өзгертіп, екі жалауша мен үш жалаушаны қатар көрсете алады. **Музыка, дене шынықтыру, математика негізі**			баланың суреті пайда болады Сөйлемді дамыту, жақсы мінез құлық қасиетін дамыту	
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Танымдық қабілеттерін дамыту. Әңгіме: «Жануарлардың қыста қалай дайындалатыны». Дидактикалық ойын: «Кім қайда тұрады?» Қимылды ойын:	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Шығармашылықты дамыту. Сурет: «Қысқы ағаштар». Музыка: «Аққу» әуенімен қимылдау. Құммен ойын: «Әріп салу».	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Тілдік қорды байыту. Әңгімелесу: «Дос деген кім?» Рөлдік ойын: «Дүкен». Дидактикалық ойын: «Жақсы – жаман».	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Байқағыштық, логика. Жапсыру: «Көңілді үйшіктер». Ойын: «Қайсысы артық?» Қимылды ойын: «Үйшікке қаш».	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** Эмоцияны басқару, өз ойын жеткізу. Әңгіме: «Мен ренжігенде...» Музыкалық жаттығу: көңіл-күйді қимылмен жеткізу. Ойын: «Жақсы көңіл-күй сыйлайық» (бір-біріне

A

	«Қарлыған теру».				жылы сөздер айту).
Серуенгедайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту**	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту**	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Серуен	**Қыркүйек.** **Карточка №1.** **Мезгіл өзгерістерін бақылау** **Ұлттық қимылды ойын:** «Ақ серек, көк серек» **Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы. -Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын Дамыту Адамгершілік және паттриоттық дағды, Ұлттық құнділіктарды дарыту дағдысын қалыптастыру	**Қыркүйек.** **Карточка№2.** **Жаңбырды бақылау.** **Ұлттық қимылды ойын:** «Арқан түю» **Мақсаты:** - Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру; -Ойын барысын түсіндіру; -Сөздік қорын дамыту,қызығушылықтарын арттыру; -Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу; **Қошаған ортмен танысу, физикалық дағдыны дамыту**	**Қыркүйек.** **Карточка №3.** **Көлік түрлерін бақылау.** **Аз қимылды ұлттық ойын:** «Бес табан» **Мақсаты:** - Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру; -Асық түстерін атау; -Ептілікке, мергендікке баулу; -Ұлтжандыққа тәрбиелеу; **Жолда жүру ережелерін дамыту, Ұлттық құндылық дағдысын қалыптастыру**	**Қыркүйек.** **Карточка №4.** **Өрмекшіні бақылау** **Ұлттық қимылды ойын:** «Боран» **Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру; -Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру; -Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу; **Жәндіктер туралы ұғымдарын кеңейту**	**Қыркүйек.** **Карточка №5.** **Бақ-бақ гүлін бақылау** **Ұлттық қимылды ойын:** «Соқыр теке» **Мақсаты:** -Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. -Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. -Сезімталдыққа, төрт түлік малға қамқор боуға тәрбиелеу **Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту**
Серуеннен оралу	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп,	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру

	арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Кешкі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаға тамақтың пайдалы әрі дәмді болатынын көрсету,ас үй құралы мен ыдыс-аяқтарды пайдалану туралы қарапайым дағдыларды көрсету. **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырып: «Көп–аз»** **Мақсаты:** Заттардың санын салыстыру. **Тәрбиеші әрекеті:** Қос себетке алма салады. **Баланың әрекеті:** «Көп алма – аз алма» деп салыстырады. **Инновациялық әдіс:** «More–Less» мультимедиялық	**Тақырып: «Дөңгелек әлем»** **Мақсаты:** Дөңгелек пішінін қоршаған ортадан табу. **Тәрбиеші әрекеті:** Дөңгелекке ұқсас суреттерді көрсетеді. **Баланың әрекеті:** «Бұл – доп, бұл – күн» деп айтады. **Инновациялықәдіс:** «Find	**Тақырып: «Аптаның күндері»** **Мақсаты:** Апта күндері туралы түсінік беру. **Тәрбиеші әрекеті:** Әр күннің атын суретпен түсіндіреді. **Баланың әрекеті:** Өз күнін атайды. **Инновациялық әдіс:** «Week song»	**Тақырып: «Қазақ үй жануарлары»** **Мақсаты:** Үй жануарларын танып, атын атау. **Тәрбиеші әрекеті:** Сиыр, қой, жылқы суреттерін көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Жануардың атын атайды, дауысын салады.	**Тақырып: «Қазақ ою-өрнегі»** **Мақсаты:** Ою-өрнекпен таныстыру, эстетикалық талғамын дамыту. **Тәрбиеші әрекеті:** Қарапайым ою суретін көрсетеді. **Баланың әрекеті:** Өз суретіне ою бейнелейді. **Инновациялық әдіс:**

	ойыны. **Құрастыру:** Кубиктен көп қабатты және аз қабатты мұнара. **Ойын:** «Кімде көп ойыншық бар?». **Математика негіздері,Құрастыру**	the circle» AR-ойыны. **Құрастыру:**Қағаздандөңгелеккүнжасау. **Ойын:** «Не дөңгелекке ұқсайды?». **Математика негіздері,Құрастыру**	мультимедиялық ән ойыны. **Құрастыру:** Аптаның күндерін көрсететін дөңгелек кесте. **Ойын:** «Бүгін қай күн?». **Математика негіздері,Құрастыру**	**Инновациялық әдіс:** «Жануар дауыстарын тыңдау» аудио ойыны. **Құрастыру:** Кубиктен қора салу. **Ойын:** «Жануарды өз үйіне апар» **Математика негіздері,Құрастыру**	«Digital Ornaments» тақтада бояу ойыны. **Құрастыру:** Түрлі түсті қағаздан ою қиып, жапсыру. **Ойын:** «Қай ою қайда жатады?». **Математика негіздері,Құрастыру**
Балалардыңүйгекайтуы	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.

Тексерген Әдіскер: **М.К.Кальжанова**

Тәрбиешілер: Мұсабек.А Оразбаева.Ә

A

Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Ересек топ
Қазан 1-апта

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **30.09.2024**	**Сейсенбі** **01.10.2024**	**Сәрсенбі** **02.10.2024**	**Бейсенбі** **03.10.2024**	**Жұма** **04.10.2024**
Балаларды **қабылдау**	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау**	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** "**Менің туған жерім"** - **Мақсаты:** Балаларға туған жердің, оның табиғаты мен мәдениетінің маңыздылығын түсіндіру. - **Ойын барысы:** Балаларға Қазақстанның әдемі табиғатының суреттері көрсетіледі, олар туған өлкесінің табиғатын	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу **Медбике тексеруі** Қауіпсіздік жоспары бойынша **Жалпы қауіпсіздік ережелері** - **Мақсаты:** Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. - **Іс-әрекеттер:** - Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру (өткір заттар, ыстық, және т.б.).	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Өнегелі 15 минут»** **"Достық пен көмек"** **Мақсаты:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. -Қысқаша достық пен көмектесу туралы әңгіме.	Салемдесу Жаөсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі**

A

		қағазға түсіреді немесе мүсін жасайды. Бұл тапсырма балалардың патриоттық сезімін оятуға бағытталған.	- Жол белгілері мен олардың маңыздылығын көрсету. - Картиналар мен белгілерді пайдаланып, талқылау		
Ата-аналарменәңгімелесу, **кеңесберу**	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-анаға кеңес:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Психологтың кеңесі:** Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. **«Күй күмбірі»**-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау	**"Кім не дейді?"** - **Міндеті:** Жануарлардың дыбыстарын тану және олардың аттарын айтуға үйрету. - **Ойын барысы:** Балаларға	**"Табиғатпен танысайық"** - **Міндеті:** Табиғаттың негізгі элементтерімен танысу және оларды дұрыс атауға үйрету. - **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға	**Менің қолымда не бар?"** - **Міндеті:** Заттарды атау және олар туралы қарапайым сөйлемдер құрау. - **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды	**"Кім қайда тұрады?"** - **Міндеті:** Жануарлардың мекендерін дұрыс айту және түсіну. - **Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері	**Қарсы сөздерді үйренеміз"** - **Міндеті:** Қарсы мәндес сөздерді үйрену және оларды қолдану. - **Ойын барысы:** Балаларға қарама-қарсы сипаттағы заттар немесе

және тағы басқаәрекеттер)	жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары көрсетіледі. Тәрбиеші әр жануардың атын атап, оның дыбысын шығарады. Мысалы, "Мынау – сиыр. Сиыр "му-му" дейді". Балалар жануардың атын қайталап, оның дыбысын салады. Бұл жаттығу балалардың есте сақтау қабілетін және сөздік қорын дамытады. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	суреттерді көрсетеді немесе табиғат элементтерін көрсетіп (гүлдер, ағаштар, жапырақтар), олардың атын айтады. Балаларға табиғат элементтерін сипаттау және олардың атауларын қайталау ұсынылады. Мысалы, "Бұл – ағаш. Ағаштың жапырақтары бар". **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	(ойыншық, жеміс-жидек, киім т.б.) көрсетеді. Балаларға "Бұл не?" деп сұрақ қояды, ал балалар сол заттың атын айтады. Кейін балаларға қарапайым сөйлемдер құрауға көмектесу ұсынылады. Мысалы, "Бұл – алма. Алма дәмді". **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	немесе ойыншықтары беріледі, және олар қайда тұратыны түсіндіріледі. Мысалы, "Қоян орманда тұрады", "Балық суда жүзеді". Балалар осы жануарларды өз орындарына орналастырып, "Қоян орманда", "Балық суда" деп сөйлем құрайды. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**	суреттер көрсетіледі. Мысалы, үлкен-кіші, биік-аласа, жылы-суық. Балаларға мысал келтіріледі: "Бұл – үлкен аю, ал мынау – кішкентай аю". Балалар заттарды атап, олардың айырмашылығын түсіндіреді. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру іс-әрекеті**
Таңертенгіжаттығу	**Таңғы жаттығу кешені №1** **(Дене қыздыру – 2-3 минут)** **Жүру:** Балаларды шеңбер бойынша жайлап жүруге шақырыңыз. Қолдарын жоғары көтеріп, "күнге" қол созады, кейін жерге	**Таңғы жаттығу кешені№2** **"Тұлпардың шабысын қайтала" (Жоғарғы денеге арналған жаттығу)** **Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде	**Таңғы жаттығу кешені№3** **"Ағашқа қол жеткізу" (Созылу жаттығуы)** **Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде **Қимыл:** Қолды жоғары созып, ағаштың бұтағына қол жеткізуге тырысып,	**Таңғы жаттығу кешені№4** **"Қара жорға" (Тізе және аяқтарға арналған жаттығу)** **Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. **Қимыл:** Қолды белге	**Таңғы жаттығу кешені№5** **"Құстар секілді ұшамыз" (Иілу жаттығулары)** **Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. **Қимыл:** Қолдарды екі жаққа созып, алдыға еңкейіп, аяқтың ұштарына

	еңкейіп, "гүл тереді". **Жүгіріс:** Бірнеше секунд орташа жылдамдықпен шеңбер бойымен жүгіріңіз. Оларды "көбелектер" деп елестетіп, гүлдерді аралап жүргендей қимылдар жасатыңыз. **"Қанат қағу" (Қолға арналған жаттығу)** **Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. **Қимыл:** Қолды екі жаққа созып, көбелек сияқты қанат қағу қимылдарын жасау. Қолды алдымен жоғары-төмен қозғалту, содан кейін шеңбер бойынша айналдыру. (10-12 рет қайталау)	**Қимыл:** Қолдарды белге қойып, денені оңға және солға бұру. "Тұлпар" шауып келе жатқандай, қимылдарды сенімді және ширақ жасау. (10 рет әр жаққа) **Ұлттық құндылықты дәріптеу** **Дәстүрлі әндер**: Қазақтың ұлттық әндерін тыңдату. Балаларға әндермен бірге билету	алдымен оң жаққа, содан соң сол жаққа еңкею. Балалардан “ең биік бұтақты” ұстауды сұраңыз. (10 рет әр жаққа)	қойып, бір тізені кезекпен жоғары көтеріп, шапшаң түрде қимыл жасау. Бұл жаттығуды "Қара жорға" биінің қарапайым қимылдарымен үйлестіруге болады. (8-10 рет әр аяқпен)	дейін жеткізуге тырысу. Еңкейген сайын, "құс" секілді қанат қағып, қайта тұру. (8-10 рет) **Ұлттық құндылықты дәріптеу** **«Би қимылдарын қайтала"** **Мақсаты**: Балалардың ептілік пен тез ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы**: қазақтың ұлттық биінің қарапайым қимылдарын көрсету, ал балалар оны қайталауы керек. Қимылдар біртіндеп күрделене түседі, ал балалар қимылдарды дұрыс қайталап орындауға тырысады.
Таңғыас	**«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті	**«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар.	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру.	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет**

A

